

Акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 282 Заңы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 жылғы 11 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) және "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылғы 30 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы).

34-баптың 2-тармағы "шаруашылық серіктестік" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "қоғамдық бірлестік" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

36-баптың 2-тармағы "шаруашылық серіктестіктер" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

41 - бапта :

3-тармақтың екінші бөлігі "шаруашылық серіктестіктер" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғам" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде "басқару органдары" деген сөздер "оның органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

42 - баптың 6 - тармағында :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) акционерлік қоғамның жарғылық капиталының және жарияланған жарғылық капиталының мөлшері азайтылған;"

3-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) шаруашылық серіктестіктеріндегі және жабық акционерлік қоғамдардағы қатысушылардың құрамы өзгерген;" ;

50-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамдардың мүлкін бөлу ерекшеліктері олар туралы заңдармен белгіленеді." ;

5 8 - б а п т а :

2-тармақтағы "акционерлік қоғам" деген сөздер алып тасталсын;

9-тармақтағы "акционерлік қоғамнан басқа" деген сөздер алып тасталсын;

1 бөлігінің 2-тарауының 2-параграфының "Шаруашылық серіктестік" деген II бөлімінің 6-бөлімшесі "Акционерлік қоғам" деген III бөлігі болып есептелсін;

8 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам болып танылады. Акционерлік қоғамның акционерлері осы заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді." ;

2-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Заңдарда көзделген жағдайларда, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрылуы мүмкін";

8 6 - б а п т а :

1-тармақтағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Ашық қоғам шығарған акцияларын жабық, жеке және ашық әдістермен орналастыруға құқылы" ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ашық қоғам заңда көзделген тәртіппен баспасөз басылымында кірістер мен шығындар туралы жылдық және тоқсандық баланстар мен есептерді жариялауға міндетті." ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Акцияларды оның құрылтайшылары және алдын ала белгіленген адамдар тобы арасында орналастырылған акционерлік қоғам жабық акционерлік қоғам болып табылады. Жабық акционерлік қоғам өздері шығарған акцияларды тек жабық әдіспен орналастыруға құқылы." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жабық акционерлік қоғамның өз акцияларын сатқысы келетін акционері оларды қоғамның басқа қатысушыларына, ал олар бас тартқан жағдайда - қоғамның өзіне сатып алуға ұсынуға міндетті. Жабық акционерлік қоғамның акцияларын сату рәсімінің ерекшеліктері заң актілерінде айқындалады." ;

8 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Бір қатысушы құрған акционерлік қоғамның құрылтай құжаты жарғы болып т а б ы л а д ы .

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарын нотариат куәландыруға тиіс.";

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары осы Кодекспен және өзге де заң актілерімен белгіленген мәліметтерді қамтуға тиіс.";

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "құрылтайшылардың құрылтай жиналысы" деген сөздер " құрылтайшылардың жалпы жиналысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын:

1)-4) тармақшалар алып тасталсын;

88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-бап. Акционерлік қоғамның жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталы

1. Акционерлік қоғамның жарияланған жарғылық капиталы шығарылатын болып жарияланған барлық акциялардың атаулы жиынтық құнынан тұрады және бірыңғай валютамен көрсетіледі. Акционерлік қоғам шығаруға жарияланған акциялардың барлығын немесе бір бөлігін шығаруға құқылы. Акционерлік қоғамның эмиссияларының жарияланған көлемінен акцияларды толық орналастырмау ашық әдіспен орналастыру кезінде жарияланған жарғылық капиталдың кемуіне әкеп с о қ п а й д ы .

2. Акционерлік қоғамның шығарылған (төленген) жарғылық капиталы шығарылған акциялардың атаулы жиынтық құнынан тұрады.

3. Акционерлік қоғамның жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталын қалыптастырудың тәртібі заң актілерімен белгіленеді.";

89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Жарияланған, шығарылған (төленген) жарғылық капиталды арттыру

1. Акционерлік қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша акциялардың атаулы құнын арттыру немесе қосымша акциялар шығару арқылы жария етілген жарғылық капиталды арттыруға құқылы. Акционерлік қоғамның жария етілген жарғылық капиталын арттыруға толық төленгеннен кейін жол беріледі.

2. Шығарылған (төленген) капиталды жария етілген жарғылық капитал шегінде жаңа акциялар шығару жолымен арттыру туралы шешімді, заң белгілеген тәртіппен акционерлік қоғам директорларының кеңесі (директорлар кеңесі жоқ акционерлік қоғамда - акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы) қабылдайды. Акционерлік қоғамның, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, залал

шегіп отырған кезде акциялар эмиссиясын жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Егер акционерлік қоғам акцияға айырбасталатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздар шығару жөнінде өз ниетін жария етсе, онда ол акцияға айырбасталатын осы жаңа акцияларды немесе бағалы қағаздарды заңдарда белгіленген тәртіппен оларда бар акцияларға барабар басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес өз акционерлеріне ұсынуға міндетті.

4. Жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталды арттырудың тәртібі заң актілерімен белгіленеді.";

90-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"90-бап. Жарияланған, шығарылған (төленген) жарғылық капиталды азайту

"Акционерлік қоғамның жарияланған және шығарылған (төленген) жарғылық капиталын азайту заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

91-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"91-бап. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру

1. Акционерлік қоғам шығаратын бағалы қағаздардың түрлері заң актілерінде белгіленеді.

Акционерлік қоғамның тек атаулы акциялар шығаруға құқығы бар.

2. Акционерлік қоғам акцияларды орналастыруды мынадай: қоғамның құрылтайшылары және алдын ала белгіленген адамдар тобының арасында - жабық; білікті инвесторлардың арасында - жеке;

бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес аукцион және/немесе еркін сауда өткізу арқылы шектелмеген адамдар тобының арасында - ашық тәсілдермен жүзеге асырады.

Акционерлік қоғамның акциялар эмиссиясын тіркеудің және оларды орналастырудың ерекшеліктері бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен айқындалады.

3. Акционерлік қоғам қоғамның белгілі бір мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген, үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген облигациялар, қамтамасыз етілмеген облигациялар шығаруға құқылы. Акционерлік қоғам купондық және дисконттық облигациялар шығаруға құқылы. Облигациялар шығарудың шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен белгіленеді.

4. Бағалы қағаздар бойынша табысты төлеудің нысаны, тәсілі және тәртібі акционерлік қоғамның жарғысымен немесе бағалы қағаздар эмиссиясының (шығару шарттары) проспектісімен заң актілерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып белгіленеді.

5. Егер қоғам банкроттық туралы заңдарға сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе қоғамда аталған белгілер дивидендтер

жөнінде жарияланып, төлегеннен кейін пайда болса, акционерлік қоғамның келесі жылы қоғамның теріс өз капиталы болғанда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге құқығы жоқ.

Заң актілерінде акционерлік қоғамның жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуіне және облигациялар шығаруына тыйым салатын өзге де негіздер көзделуі мүмкін. қоғамның

6. Акционерлік қоғам заңдарда белгіленген тәртіппен туынды бағалы қағаздар, опциондар мен айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.";

9 2 - б а п т а :

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреті заң актілерімен белгіленеді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді акционерлік қоғамның өзге органдарына беруге болмайды.

4. Акционерлік қоғамда директорлар кеңесі құрылады, осы Кодексте, заң актілерінде және акционерлік қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ол қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Осы Кодексте, заң актілерінде және акционерлік қоғамның жарғысында директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді акционерлік қоғамның атқарушы органының шешуіне беруге болмайды.

Жабық акционерлік қоғамның жарғысында акционерлік қоғамды директорлар кеңесін құрмай-ақ басқару мүмкіндігі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда осы Кодексте және заң актілерінде директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне беріледі.";

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі ", дирекция" деген сөз алып тасталып, "қадағалау кеңесі" деген сөздер "директорлар кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын";

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "қоғамды басқару" деген сөздер "қоғам" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Акционерлік қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру үшін тексеру комиссиясы құрылуы немесе акционерлік қоғамның акционерлері немесе кәсіби аудиторлар (бухгалтерлер) арасынан оның тексерушісі сайлануы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының акционерлік қоғамның жылдық қаржы есебін тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысыз бекітуге құқығы жоқ.

Акционерлік қоғамда заң актілеріне сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.";

6-тармақ 7-тармақ болып есептелсін;

7-тармақта "акционерлік қоғамды басқару" деген сөздер "акционерлік қоғам" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Кез-келген акционер қоғамның жылдық қаржылық есебін аудиторлық тексеруді, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тәуелсіз аудитордың тексеруін өз есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.";

I бөлімнің 2-тарауының 2-параграфының II бөлігінің жетінші бөлімшесі I бөлімнің 2-тарауының 2-параграфының IV бөлігі болып саналсын және мынадай редакцияда жазылсын:

"IV. Еншілес және тәуелді акционерлік қоғам";

94-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"94-бап. Еншілес ұйым

1. Жарғылық капиталының (шығарылған жарғылық капиталының) басым бөлігін басқа заңды тұлға қалыптастырған не олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (не өзгедей түрде) негізгі ұйым осы ұйымның қабылдайтын шешімдерін айқындай алатын заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады.

2. Еншілес ұйым өзінің негізгі ұйымының борыштары бойынша жауап бермейді.

Еншілес ұйыммен жасасқан шарт бойынша (не өзгедей түрде) оған міндетті нұсқаулар беруге құқылы негізгі ұйым онымен осындай нұсқауларды орындау үшін жасалған мәмілелер бойынша еншілес ұйыммен бірге субсидиарлық жауапты болады.

Негізгі ұйымның кінәсінен еншілес ұйым банкрот болған жағдайда негізгі ұйым оның борыштары бойынша субсидиарлық жауапты болады.

3. Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, еншілес ұйымның қатысушылары негізгі ұйымның оның кінәсінен еншілес ұйымға келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

4. Еншілес ұйымдар ережелерінің осы бапта көзделмеген ерекшеліктері заң актілерімен айқындалады."

95-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлік қоғамдардың бір-бірінің шығарылған жарғылық капиталдарында өзара қатысуы әрбір шығарылған (төленген) жарғылық капиталдың жиырма бес процентінен аспауға тиіс. Бір-бірінің шығарылған (төленген) жарғылық капиталына өзара қатысатын акционерлік қоғамдар басқа қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында жиырма бес проценттен артық дауысты пайдалан алмайды.

4. Бір-бірінің шығарылған (төленген) жарғылық капиталына тәуелді және өзара қатысатын акционерлік қоғамдардың осы бапта көзделмеген жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен айқындалады.";

"Азаматтық құқықтар субъектілері" деген 2-тараудағы "Заңды тұлғалар" деген 2-параграфының III, IV, V бөліктері V, VI, VII бөліктер деп есептелсін.

130-баптың 3-тармағында "заң" деген сөз "осы Кодекспен және заң" деген

с о з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

136-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"136-бап. Облигация

Оны иеленушінің облигацияның атаулы құнын немесе өзге де мүліктік эквивалентін облигация шығарған тұлғадан оны шығару шарттарында белгіленген мерзімде алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз облигация ретінде танылады.

Облигация, сондай-ақ оны ұстаушыға ол бойынша облигация шығару шарттарына сәйкес сыйақы (мүддені) алуға құқық береді.";

139-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлік қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акцияларды шығару тәртібі заңдармен белгіленеді."

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35 құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 жылғы 30 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

7-баптың екінші және үшінші бөліктері "шаруашылық серіктестіктері" деген сөздерден кейін ", акционерлік қоғамдар" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37 құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат):

11 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет, бағалы қағаздармен сауда ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі";

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) инвестициялық қордың қызметі."

15-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік түрлері бойынша лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен белгіленеді".

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 жылғы 30 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

"Шаруашылық серіктестіктерінің жекелеген түрлерінің ерекшеліктері" деген II бөлімнің "Акционерлік қоғам" деген 5-тарауы және 37-61-баптар алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат):

12-баптың 1-тармағындағы "ұсынушыға акция шығару құқығынсыз" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

1 6 - б а п т а :

3-тармақтағы "жарғы капиталына" деген сөздердің алдынан "жаңадан құрылған" деген с ө з д е р ж а з ы л с ы н ;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі "белгіленген" деген сөздің алдынан "келесі үш күнтізбелік ай бойы" деген сөздер жазылсын;

17-баптың 4-тармағындағы "банкте болған жағдайда" деген сөздерден кейін "келесі үш күнтізбелік ай бойы" деген сөздермен толықтырылсын;

30-баптың 4-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) дилерлік - мемлекеттік бағалы қағаздармен, сондай-ақ осы Жарлықтың 8-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда өзге де бағалы қағаздармен;"

43-баптың бірінші сөйлеміндегі "дивидендтерді төлегенге дейін" деген сөздерден кейін "жай акциялар бойынша" деген сөздер жазылсын.

6. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат):

2-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"антеррайтер - бағалы қағаздар рыногында делдалдық және дилерлік қызметке лицензиясы бар және эмитенттің бағалы қағаздарын онымен жасасқан ережелеріне сай орналастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға";

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Белгілі бір тұлғаның аффилиирленген тұлғасы ("аффилиирленген тұлға") - қоғамның белгілі бір тұлғаның шешімін тікелей және/немесе жанама айқындауға және/немесе ол қабылдайтын шешімге ауызша уағдаластықты қоса алғанда, шарттың немесе өзге бір мәміленің күші арқылы ықпал етуге құқығы бар кез келген заңды немесе жеке

тұлға (өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде сол тұлғаның қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ оған қатысты осы тұлғаның осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға. Акционерлік қоғамның лауазымды адамдарды, қоғамның дауыс беретін акцияларының он және оның одан да көп процентін (ашық халықтық қоғамдар үшін - бес және одан да көп процентін) иеленетін акционер міндетті түрде акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылады;"

отыз тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"эмиссия бағалы қағаздарды шығару және орналастыру;"
мынадай мазмұндағы қырқыншы бөлікпен толықтырылсын:

"эмиссиялық синдикат - эмитенттің бағалы қағаздарын орналастыру мақсатында құрылған бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының бірлестігі";

7-баптың 3-тармағында "тізілімде тіркелетін және бағалы қағаздардың сертификаттарымен расталуы мүмкін" деген сөздер "бағалы қағаздар ұстаушылардың тізіліміне тіркелетін шығару нысаны" деген сөздермен ауыстырылсын".

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұнды екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты тараптардың бірінің талап етуі бойынша нотариалдық куәландырылуға тиіс."

10-баптың төртінші бөлігі "кәсіпқой қатысушылар" деген сөздерден кейін "және олардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

11-баптың екінші бөлігі "бақылау" деген сөзден кейін "және акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау" деген сөздермен толықтырылсын.

13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Бағалы қағаздардың эмиссиясы

Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды (акцияларды, облигацияларды) жарияланған жарғылық капиталды құру және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында эмитент жүргізеді";

15-баптың бірінші бөлігінде:

бесінші абзацтағы "(соның ішінде олардың толық төленуін)" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

алтыншы абзацтағы "шығару мен" деген сөздер алып тасталсын;

16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу шарттары мен тәртібі

1. Осы баптың 3-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда мынадай акциялардың эмиссиясы мемлекеттік тіркеуге жатпайды:

заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда, акционерлік қоғамдардың үлгісіне карамастан, олардың акцияларының бастапқы эмиссиясы;

жабық акционерлік қоғамдардың акцияларының кейінгі эмиссиясы;

ашық акционерлік қоғамдар акцияларының жабық немесе жеке тәсілмен орналастырылатын акцияларының кейінгі миссиясы.

2. Ашық орналастыруды жүзеге асыратын ашық акционерлік қоғамдардың және осы баптың 3-тармағында көрсетілген қоғамдардың акцияларының эмиссияларын мемлекеттік тіркеудің, сондай-ақ акцияларды шығару және орналастыру қорытындысы туралы есеп беру рәсімі мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Акционерлік қоғамдардың - банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру ұйымдарының бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының, бағалы қағаздар саудасын ұйымдастырушылардың, инвестициялық қорлардың, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және Орталық депозитарийдің акцияларының барлық эмиссиялары міндетті мемлекеттік тіркеуге ж а т а д ы .

4. Акционерлік қоғамның акцияларын кез келген әдіспен орналастыруға осы акциялар эмиссиясында уәкілетті орган берген ұлттық сәйкестендіру нөмірі болғанда ғана рұқсат етіледі. Бағалы қағаздар эмиссиясына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін берудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді."

1 8 - б а п т а :

7 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 - т а р м а қ 7 - т а р м а қ б о л ы п с а н а л с ы н ;

2 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"1. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша бағалы қағаздар эмиссиясы болмады д е п т а н у ғ а қ ұ қ ы л ы :

инвесторлар үшін елеулі мәні бар бағалы қағаздар эмиссиясы нақты шарттарының тіркелген эмиссия проспектісіне (тіркелген шығару шарттарына) сәйкес келмеуі;

тіркелген эмиссия проспектісіне (тіркелген шығару шарттарына) сәйкес келмейтін мәліметтер бар бағалы қағаздардың шығарылуы мен орналастырылуы туралы жарнама н а у қ а н ы н жү р г і з у ;

бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындысы туралы есепте көрсетілген мәліметтердің тіркелген эмиссия проспектіне (тіркелген шығару шарттарына) немесе осындай эмиссияның нақты орналастырылу деректеріне сәйкес к е л м е у і ;

эмиссияны тоқтата тұрудың себебі болған жолсыздықтарды жою туралы уәкілетті органның ұйғарымын эмитенттің орындамауы";

2 - т а р м а қ м ы н а д а й м а з м ұ н д ы с ө й л е м м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Бағалы қағаздардың құнын өтеу инфляция коэффициентін ескере отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы " ;

2 2 - б а п т а :

2-7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмитент, сондай-ақ оның андеррайтерлері ықтимал инвесторларға бағалы қағаздарды сатып алғанға дейін бағалы қағаздар эмиссиясы проспектімен (шығару шарттарымен), сондай-ақ эмитенттің қызметімен және олар шығарған ескіру мерзімі алты айдан аспауға тиіс бағалы қағаздар туралы ақпаратпен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Бағалы қағаздарды орналастыру кезеңінде ықтимал инвесторлардың мүдделерін қозғайтын бағалы қағаздар эмиссиясының тіркелген проспектіндегі (тіркелген шығару шарттарындағы) деректермен салыстырғанда, істің нақты жай-күйіндегі өзгерістерді уәкілетті органда тіркеуге және ықтимал инвесторларға осы өзгерістер туралы және эмитенттің қызметі мен олар шығарған бағалы қағаздары жөнінде хабарлауға міндетті.

4. Ықтимал инвесторлардың мүдделерін қозғайтын эмитент ісінің нақты жай-күйіндегі өзгерістер деп мыналар танылады:

1) эмитенттің органына кіретін адамдар тізіміндегі өзгерістер;

2) эмитенттің және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының органдарына кіретін (өкілдері кіретін) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жарғылық капиталдағы (шығарылған (төленген) жарғылық капиталдағы) үлес мөлшерінің өзгерістері, сондай-ақ егер, олар әрбір осындай ұйымның (ашық халықтық акционерлік қоғамның жарғылық капиталында бес және одан да көп процент) дауыс беретін акциялардың (үлестердің, үлестік жарналардың) он және одан да көп проценттерін иеленген жағдайда, басқа ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы (шығарылған (төленген) жарғылық капиталдағы) акционер үлесі мөлшерінің өзгерістері;

3) эмитенттің дауыс берілетін акцияларының он және одан да көп процентін (ашық халықтық акционерлік қоғам үшін - бес және одан да көп процентін) иеленетін эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) тізіміндегі өзгерістер;

4) әрбір осындай ұйымның дауыс берілетін акцияларының (үлестерінің, үлес жарналарының) он және одан да көп процентін (ашық халықтық акционерлік қоғам үшін - бес және одан да көп процентін) эмитент иеленетін заңды тұлғалардың тізіміндегі өзгерістер;

5) акционерлердің жалпы жиналысының (шаруашылық серіктестіктің жоғары органының) шешімдері;

6) эмитенті, оның еншілес ұйымдарын және тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру;

7) эмитенттің шоттары мен мүлкіне тыйым салу;

8) эмитент лицензиясының күшін тоқтата тұру немесе тоқтату не оны қайтарып алу;

9) эмитенттің қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату;

10) ықтимал инвесторлардың мүліктік мүдделерін қозғайтын және уәкілетті органдар осындай деп таныған өзге де өзгерістер.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген эмитенттің ісінің нақты жай-күйіндегі өзгерістері туралы мәліметтерді эмитент оларды тіркеу (бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісіне (шығару шарттарына) тиісті өзгерістер енгізу үшін) осындай өзгерістер туындаған кезден бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті органға жіберуге тиіс.

6. Егер бағалы қағаздар эмиссиясы проспектісінде (шығару шарттарында), сондай-ақ эмитенттің қызметі мен ол шығарған бағалы қағаздар туралы ақпаратта ықтимал инвесторлардың мүдделерін қозғайтын жалған, дәл емес немесе толық емес мәліметтер болса, эмитент келтірілген нұқсан үшін заңдарға сәйкес мүліктік жағынан толық жауапты болады, ол оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

7. Инвесторларға (ықтимал инвесторларға) бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісінде (шығару шарттарында) және эмитенттің қызметі туралы және ол шығарған бағалы қағаздар туралы ақпаратта жалған, дәл емес немесе толық емес мәліметтерді табыс ету немесе жариялау арқылы келтірілген нұқсан үшін эмитенттің жауапкершілігін шектейтін инвесторлар (ықтимал инвесторлар) мен эмитент арасындағы жасалған келісім жарамсыз деп есептеледі.";

8 - тармақ алып тасталсын;

23-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ашық қоғам бағалы қағаздарды орналастыру кезінде андеррайтердің қызметін пайдалана алады. Бағалы қағаздар рыногындағы андеррайтердің қызметін бағалы қағаздар рыногында атаулы ұстау құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары жүзеге асыруға құқылы.

Андеррайтер қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары эмиссиялық синдикаттар құруға құқылы.

Эмиссиялық синдикат бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде құрылады.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының андеррайтер қызметін жүзеге асыруының шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен реттеледі";

24 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эмитент бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті оларды орналастырудың әрбір алты айдағы қорытындылары бойынша, сондай-ақ түпкілікті орналастыру аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

Ашық халықтық акционерлік қоғам тоқсан аяқталғаннан кейін жиырма күн ішінде

өз акцияларын нақты орналастырылуы туралы мәліметтерді көрсете отырып, тоқсандық баланстар және кірістер мен шығыстар туралы есебін баспасөз басылымында жариялауға және уәкілетті органға беруге міндетті.";

3-тармақтағы "бекіту" деген сөз "қарау" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган акцияларды шығару және орналастыру қорытындысы туралы есепті 14 күнтізбелік күн ішінде қарайды."

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу немесе оларды шығару және орналастыру қорытындысы туралы есепті қарау үшін эмитент ұсынған мәліметтердің бұрыстығы анықталған жағдайда, уәкілетті орган эмиссияны тоқтата тұру немесе оны болмаған деп тану туралы шешім қабылдауға құқылы";

7-9-тармақтар алып тасталсын;

8-тармақ 7-тармақ болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 24-1, 24-2 баптармен толықтырылсын:

"24-1-бап. Бағалы қағаздар ұстаушыларды уәкілетті органның хабардар етуі

1. Бағалы қағаздар рыногында жасалған немесе жасалуы мүмкін құқық бұзушылықтар туралы бағалы қағаздар ұстаушыларды хабардар ету және оларды ескерту мақсатында уәкілетті орган баспа басылымында:

баспа бағалы қағаздар шығару мен орналастыруды тоқтата тұру және эмиссияны болмаған деп тану туралы;

бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны қайтарып алу немесе оның күшін тоқтата тұру туралы;

эмитенттердің және бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін тексеру туралы мәліметтерді жариялайды.

2. Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі туралы мәліметтер базасын жүргізеді.

24-2-бап. Инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын қорғау

1. Инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын қорғау мақсатында уәкілетті орган эмитенттер мен бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметіне тексеріс жүргізеді.

Тексерістің нәтижелері бойынша, бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдардың бұзылуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган:

эмитенттерге және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге;

бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінің жекелеген дербес шоттары және тұтас алғанда, тізілім бойынша бағалы қағаздардың қозғалысын тоқтата тұруға;

кінәлі тұлғалардың жауапкершіліктері туралы мәселелерді заңдарға сәйкес шешуге қ ұ қ ы л ы .

2. Эмитенттердің және бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылардың қызметін тексеруді уәкілетті орган:

ұсынылған құжаттарды қарау;

мүдделі тараптардың өкілдерін жолсыздық фактісі бойынша олардың түсініктемелерін тыңдау мақсатында шақыру;

эмитенттің немесе бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушының орналасқан жері бойынша тексеріс жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Тексерістер жүргізудің және олардың нәтижелерін ресімдеудің тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Уәкілетті орган, заңдарда көзделген жағдайларда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қатысушылардың көрсеткен қызметі үшін сыйақы мөлшерінің негізділігін айқындауға құқылы."

26-баптың 1-тармағындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия берудің шарттары мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді";

33-баптың 1-тармағы "қызметті" деген сөзден кейін "және заң актілеріне сәйкес өзге де қызмет түрлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

34 - б а п т а :

4-тармақтағы "уәкілетті органның лицензиясы негізінде" деген сөздер алып тасталсын ;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Тіркеуші эмитенттің, оның лауазымды адамдарының және дербес немесе аффилиирленген тұлғалармен бірлесіп осы эмитенттің дауыс берілетін акцияларының (үлестерінің, үлестік жарналарының) бес және одан да көп процентін иеленетін әрбір жеке акционерінің (қатысушының) аффилиирленген тұлғасы болуға тиіс емес.";

36-баптың 3-тармағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құпиялық режимі бойынша және" деген сөздермен ауыстырылсын;

37 - б а п т а :

бірінші тармақ "құратын" деген сөзден кейін "жабық" деген сөзбен толықтырылсын ;

2-тармақ "және оның қызметінен түскен кірістер биржаны материалдық-техникалық дамытуға пайдаланылады" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "өзге" деген сөз "тауарлық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

6-тармақтағы "бағалы қағаздармен" деген сөздер "қаржы құралдарымен" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

38 - бапта :

екінші және үшінші бөліктеріндегі "бағалы қағаздармен" деген сөздер "қаржы құралдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігіндегі "бағалы қағаздарға" деген сөздер "қаржы құралдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-баптың 1-тармағындағы "осы қор биржасының лизингіне енгізілген бағалы қағаздармен" деген сөздер "қаржы құралдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

41-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биржалық кеңес Қор биржасы директорлар кеңесінің міндеттерін атқарады";

44 - бапта :

1-тармақтағы "бағалы қағаздардың" деген сөздер "қаржы құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бесінші бөлігіндегі "бағалы қағаздармен" деген сөздер "қаржы құралдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "бағалы қағаздарды" деген сөздер "қаржы құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

47-баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Қор биржасында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты жариялау";

50 - баптың 1 - тармағында :

"болып табылатын" деген сөздерден кейін "жабық" деген сөзбен толықтырылсын;

"өзін-өзі реттейтін ұйым" деген сөздер "өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қауымдастығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

57-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қауымдастығы қызметін лицензияның негізінде өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде жүзеге асыруға құқылы."

7. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына Z970078_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-күжат; 13-14, 205-құжат) :

2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: "Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер осы Заңда және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен міндетті тіркеуге жатады";

7-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тіркеушінің көрсететін қызметіне ақының ең жоғары мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен принциптерін уәкілетті орган белгілейді";

10-баптың 2-тармағында "эмитенттерге қызмет көрсетуге" деген сөздерден кейін "

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

19 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушылары мен халықаралық қаржы ұйымдары жабық акционерлік қоғам нысанында құратын коммерциялық емес ұйым болып табылады. Орталық депозитарий алатын табыс оның қатысушыларының арасында бөлінбейді және оны техникалық дамытуға жұмсалады;"

20-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орталық депозитарийдің ашық халықтық акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқығы бар."

25-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздармен екі жақты немесе көпжақты жасалған мәмілелерді тіркеу мәмілелерге қатысушылардың үстеме бұйрықтары болғанда, жүзеге асырылады. Мәмілеге қатысушылардың міндеттемелері олардың арасында жасалған жазбаша шарттың ережелерімен айқындалады."

26-баптың 1-тармағында "осы бағалы қағаздарға құқықтарды" деген сөздер "осы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 наурыздағы Заңында (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 57-құжат; N 13-14, 205-құжат):

1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Активтеріндегі өзге эмитенттердің эмиссиялық бағалы қағаздарының құны оның таза активтері құнының қырық процентіне тең инвестициялық қор ретінде тіркелмеген ашық акционерлік қоғамның бағалы қағаздарды одан әрі сатып алу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ."

8 - бапта :

1 - тармақта :

"шаруашылық серіктестіктері туралы" деген сөздер алып тасталсын;

ж) тармақшасы "басқармасы" деген сөздерден кейін "директорлар кеңесі мен" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "басқарманың" деген сөз "директорлар кеңесінің" деген сөзбен ауыстырылсын ;

9 - бапта :

баптың атауындағы және мәтініндегі "басқармасы", "басқармасының", "басқарма" деген сөздер "директорлар кеңесі", "директорлар кеңесінің" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтың бірінші бөлігінде "шаруашылық серіктестіктері туралы" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы "басқарма" деген сөз алып тасталсын, "табыс етіп отырады" деген сөздер "беріледі" деген сөзбен ауыстырылсын;
5 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

10-баптың 2-тармағы "атаулы" деген сөзден кейін "жай" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 1 - б а п т а :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Өзара қордың өз акцияларын сатып алуы және сатуы";

1-тармақтағы "жарғылық қордың" деген сөздер "жарғылық капиталдың" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы "өзара қордың өз ақша қаражаты есебінен ғана" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы "сатып алу және" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың екінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзара қор өзінің акцияларын сатып алуға өтінім берілген күннің соңындағы жай-күйі бойынша айқындалатын бағамен сатып алуға тиіс";

6-тармақтағы "басқарманың" деген сөз "директорлар кеңесінің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақтағы "жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Өзара қордың акцияларын сатуы оның таза активтері құнының негізінде айқындалатын баға бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.";

1 3 - б а п т а :

2-тармақтағы "сондай-ақ артықшылығы бар акциялар шығаруға" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Инвестициялық қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері бір мезгілде оның басқарушысының, кастодианының, тіркеушісінің және бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың лауазымды адамдары немесе қызметкерлері бола алмайды.

6. Инвестициялық қордың оның активтерін басқаруға және қордың акционерлерімен жүргізілетін жұмысқа байланысты жыл ішіндегі шығыстары осы кезеңге дивидендтерді төлеуді қоса алғанда, оның таза активтерінің жылдық орташа құнының он процентінен аспауға тиіс";

15-баптың 5-тармағы "Тиісті қорлардың" деген сөздердің алдынан "Уәкілетті орган

белгілеген пруденциялық нормативтер сақталған және" деген сөздермен толықтырылсын;

17 - бапта :

1-тармақтағы "басқаруға" деген сөз "басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "осы заңда белгіленген" деген сөздер "бағалы қағаздар топтамасын басқару жөніндегі қызметтен басқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Инвестициялық қор басқарушысының сыйақысы мөлшері тараптардың бағалы қағаздар топтамасын басқару туралы шартта жасалған келісімімен белгіленеді

Бағалы қағаздар топтамасын басқару туралы шартта басқарушыға төленетін сыйақының мөлшері проценттік қатынаста тиісті инвестициялық қордың белгілі бір кезеңдегі орташа құнының инвестициялық қордың таза активтері құнының өсуінен, инвестициялық қордың алған пайдасынан немесе өзге жолмен айқындалатыны белгіленуі мүмкін.

2. Басқарушыға төленетін сыйақының жылдық ең жоғары мөлшері осы төленген дивидендтерді қоса есептегенде, инвестициялық қордың таза активтерінің жылдық орташа құнының бес процентінен аспауға тиіс.

3. Инвестициялық қордың бағалы қағаздар топтамасын басқару жөніндегі басқарушының шығыстары басқарушының сыйақысына қосылады.";

19-баптың бірінші бөлігінің "г" тармақшасы алып тасталсын;

20-баптың 2-тармағындағы "басқарушылардың" деген сөз "инвестициялық қорлардың және олардың басқарушыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21 - бапта :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Инвестициялық қор инвестициялық қор ретінде жұмыс істеуге Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен және шарттарда уәкілетті органның лицензиясын алуы тиіс.";

2-тармақтың "Осы баптың 1-тармағында аталған" деген сөздер "Лицензиялауға ұсынылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызмет субъектісі ретінде қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтарып алу инвестициялық қорды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруға немесе таратуға әкеп соғады.";

23 - бапта :

1-тармақта "олар алған лицензияға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) оның басқарушысының, кастодианының немесе тіркеушісінің лицензиясын тоқтата тұру немесе қайтарып алу;"

9. Қазақ КСР-інің 1963 жылғы 28 желтоқсандағы заңымен бекітілген Қазақ КСР Азаматтық Іс жүргізу кодексіне (Қазақ КСР, Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2, 1988 ж., N 2, 19-құжат; N 15, 148-құжат; N 16, 159-құжат; 1990 ж., N 11, 110-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 294-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат; N 17, 419-құжат; 424-құжат; 1995 ж., N 23, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 11, 152-құжат):

б - б а п т а :

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акциялардың қосымша эмиссиясы жөніндегі істерді соттың шешімі бойынша істерді сот тергеуіне даярлау ескеріле отырып, 10 күннен кешіктірілмей бірінші инстанциядағы сот қарауға тиіс.";

үшінші бөлік төртінші бөлік болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті